

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.60-61

## ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ

*Амандыкова С.*

Қазақ ұлтының сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұрасының бірі – жер-су атаулары. Топонимиялық атауларды байырғы атауларының сырын ашып, көне шығу тегін зерттеуді дұрыс көрдік. Осыны есте ұстай отыра, көркем әдебиеттердегі халық танымын білдіретін топонимдер мол.

Көркем әдебиеттерде, аңыз-жырларда, қазақ эпостарындағы топонимдер қазіргі кезде тіл білімінде әлі зерттелу үстінде. Алайда көркем шығармалардағы топонимдер сол жерде болған тарихи оқиғалардың сыр-сыйпатын айқындап ашып отырса, ал кейіпкерлерінің өмір сүрген ортасы, тұрмыс-жайы мен іс-әрекетінен мағлұматтар беріп отырады. Яғни, тіл арқылы бейнеленген топонимдік атаулар адамның өмір тіршілігімен, көзқарасымен, әлеуметтік деңгейімен байланысты болады.

Мысалы, «Бетпақдала» - деген жерді алсақ, ол Балқаш көлінің батыс жағалауынан басталатын кең даланың атауы. Шөл даланың сүйкімсіз де сұрықсыз қалпына қарай, бұл атау парсы тілінің «бад-бахт» немесе «байдбах» сөзі арқылы жасалған дейді, кейбір зерттеушілер. Әрине, бұл көзқарасты теріске шығару қолайсыз. Өйткені көрсетілген сөз сіздің түсінігіміздегі «бақытсыз, жаман, жексұрын, жиренішті» іспеттес мағына береді. Шын мәнісінде де жер жаратылысы осы сипатқа сәйкес. Қазіргі Бетпақдала өте көне замандасу жайылған жер орыныда батпақты дала пайда болып, міне, сол кезде оған «Бетпақдала» атауы берілуі де ғажап емес. Сол кездегі көл-көсір судан қалғаны Балқаш көлі болуы мүмкін. Ал, «батпақ» сөзінің алғашқы төркіні – түркі тілі ме, әлде парсы тілі ме? Бұл жерін анықтап айту да қиын. Себебі біздегі «батпақ» сөзі мағынасын өзгертпестен парсы тілінде – «батлағ» дыбыстық қалыпта ұшырасады. Мұндағы ерекшелік – біздің тіліміздегі «п» орнына «л», «к» орнына «ғ» қолданылуы. Бұл тұрғыдан алсақ, бірінші буындағы «а» дыбысының «е»-ге алмасып, келе-келе «бетпақ» болып өзгеруі де таңданарлық жағдай емес. Осы себептен де, сөздің алғашқы қалпы «батпақдала» болар деп жорамал жасауға бой ұрдық. Осы деректерде көрсетілгендей әр жер аты тарих қойнауынан сыр тартуға мүмкіндік береді деген ойдамыз. Мәселен, қазақ даласындағы «Күрті» деп аталатын жер атауы (Алматы облысындағы өзен және аудан, елді мекен атаулары). Шежіре деректеріне қарасақ, ұлы жүз қазақтарының Күрті деген атасы болған. Осыған қарап «Күрті» жер-су атауын сонымен байланысты қаруға да болар еді. Бірақ Таулы Алтай төңірегінде осыған сәйкес

«Күрттүкөл» сияқты жер-су атауы да бар. Сондықтан «күрті» сөзінің алғашқы мағынасын басқадай жолмен іздестірген жөн сияқты.

Түркі тілдерінің бірі туваларда біздегі «құр» (құстың бір түрі) мағынасына «күртү» дыбыстық құрамдағы тұлға сәйкес келеді.

Біздің ойымызша, ғалым Ә. Нұрмағамбетұлының тұжырымына сүйенсек: «қазіргі бізде «құр» аталынып жүрген құс түркі тілдерінде ерте кездерде тува тіліндегідей «күртү» қалпында айтылып, бері келе қазақ тілінде «күр» одан әрі «құр» қалпына дейін өзгеріске түскен болса керек. Құстың «күртү» не «күр» болып аталған кездерінде, өзен бойында осы құстың жиі кездесуімен байланысты «күртүті» немесе «күрті» өзені аталуы ғажап емес. Сонда оның мағынасы – «Құрлы» болып түсіндірілмек» [1, 21].

Қорыта келе, қазақ топонимдерінің семантикалық сипатын оның сөзжасамымен ұштастыра зерттеу жер-су атауларының мағынасы мен жасалуындағы ерекшеліктерін лингвистикалық тұрғыдан түсіндірудің бірден бір жолы екені бізге мәлім.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ә Нұрмағамбетұлы. Жер-судың аты-тарихтың хаты. -Алматы: Балауса, 1994.-64б.
2. А.Әбдрахманов. Қазақстан этнотопонимикасы. – Алматы: Ғылым, 1979. -127б.
3. І. Есенберлин. Алмас қылыш. Роман. -Алматы. 1971.

Tuksaitova R.O. The Russian language in the multicultural space of Kazakhstan state policy and public mood. Quaestio Rossica. г.Екатеринбург, 2016. Вып.4. С. 94-106. База Thomson reuters.

*Ғылыми жетекшісі: З.К.Құрманова, филол.ғ.к*